⁴ De Melo M., Denizer C., Gelb A., Tenev S. Circumstance and Choice. The Role of Initial Conditions and Policies in Transition Economies // Policy Research Working Paper, The World Bank, December 1997.

ТҮЙІН

Мақалада өтпелі экономикадағы мемлекеттің рөлі талқыланады.

RESUME

This article discusses the role of the state in the economy in transition.

**Б. С. Телемісов, Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы
Қарағанды академиясының криминалистика кафедрасының аға оқытушысы****ТЕРГЕУ БӨЛІНІСТЕРІ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ЖҰМЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУЫ ЖӘНЕ
ЖҰМЫС ЖҮКТЕМЕСІНІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Аннотация. Мақалада автор тергеу бөліністері қызметкерлерінің осы сала бойынша жұмысты ұйымдастыруы және жұмыс жүктемесінің кейбір мәселелерін қарастырып, солар бойынша қажетті кеңестер ұсынады.

Түйін сөздер: еңбекті ғылыми ұйымдастыру, жұмыс жүктемесі, санкциялау, жедел-тергеу тобы, кадр резерві, Қазақстан Республикасы қылмыстық-процестік кодексі, кәсіби имидж, прокуратура, заттай дәлелдеме, күзетпен ұстау.

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың 2014 жылғы 17 қаңтардағы Қазақстан халқына Жолдауының¹ талаптарын орындау тұрғысында Қазақстан Республикасының ІІМ Алқа кеңесі шешімімен² ішкі істер органдарының атқаратын міндеттерімен қатар басымдылықтарының бірі ретінде қылмыстарды, соның ішінде бірінші кезекте ауыр және аса ауыр қылмыстарды, олардың ұйымдасқан түрлерін ашу және тергеу, жеке құрамның кәсібилігін арттыру, ішкі істер органдарында заңдылық пен тәртіпті нығайту бойынша жұмыс тиімділігін арттыру міндеті көзделген. Осы міндеттерді орындауда тиісті қызмет салалары бойынша ғылыми негізделген жүктемелер нормативін жасау ерекше орын алады.

Атқарылатын еңбек қызықты, мазмұнды, сонымен қатар ұйымдасқан түрде және жұмыскерді рухани жандандыра түсу мақсатында болуы үшін еңбекті ғылыми ұйымдастыру (ЕҒҰ) түсінігінің маңызы орасан зор. «ЕҒҰ маңызды белгісі болып нақты ғылыми есептеу және негіздеу табылады. Яғни нақ осы белгі ЕҒҰ-ды — жеке, субъективтік, кейбір жекелеген тұлғалардың мұны жарым-жартылай түсінушілігінен ерекшелейді. Ғылыми есептеу және негіздеу — толық, шынайы және ұдайы ақпараттардан тұруы тиіс. Тергеушінің ЕҒҰ егер теориялық тұрғыдан алатын болсақ, бұл — бір жағынан, тергеуші жұмысының әдісі және жағдайлары арасындағы өзара тәуелділік пен байланыстар жөніндегі білімнің жиынтығы; екінші жағынан, еңбектің тиімділігін арттыру, тергеушінің денсаулығын сақтау және дамыту»³. Еңбекті ғылыми ұйымдастыру келесідей негізгі тиімділіктерге қол жеткізуге мүмкіндік береді: а) экономикалық — қызметкердің жұмыс өнімділігін арттыруы, уақыт үнемділігі, ресурстарды тиімді пайдалану; б) психофизиологиялық — қызметкердің денсаулығын сақтау және еңбек қабілетін арттыру, қызметшінің позитивтік мотивтері және ұстанымдары; в) әлеуметтік — кәсіби имидж, полицияның халыққа қызмет етуінің оң нәтижелерін мойындау.

Көздеген мақсатқа қол жеткізу үшін тергеу аппараттары тергеушілерінің еңбегі ғылыми тұрғыда ұйымдастырылуы, яғни мүмкіндігінше аз (минималдық) шығында тиімді (оптималдық) нәтижелерге қол жеткізу қажет. Тергеуші өзінің құқықтық басымдылығын дұрыс жүзеге асыруы үшін жоғары ұйымдастырушылық қабілетке ие болуы керек. Бұл қасиет әсіресе тергеу тобын басқаратын тергеушіге тән болуы өте маңызды. Әрбір тергеуші өзінің атқарған жұмысын қорытындылап, қылмыстың қаншалықты дұрыс ашылғанын, бұған қаншама уақыт шығындалғанын бағалап, тергеу барысына талдау жүргізіп, сол бойынша жіберілген кемшіліктерді анықтап отыруы қажет. Орын алған кемшіліктерді жоюға көп уақыт шығындалады. Сондықтан қызметтік дайындық жүйесінде сабақтар өткізіп, онда тергеушілердің назарына қылмыстық істерді тергеу барысында жіберілген кемшіліктер жөнінде түсіндіріп, алдағы уақытта сондай қателіктерге жол бермеу мақсатында олардың себеп-салдарларын мұқият қарастырып отыру қажет. Бұдан басқа, жыл сайын өткізілетін жұмыс қорытындысы жөніндегі кеңестерде сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асырушы адамдардың жұмыс нәтижелерін қарастыруды жалғастырып, жоғары көрсеткіштер мен оң жетістіктерге қол жеткізгендерді марапаттап отырған жөн (ақшалай сыйақы, грамота, алғыс хат, жоғары тұрған лауазымға тағайындау үшін кадр резервіне енгізу т. с. с.).

Күнделікті қызметте тергеушінің жұмыс күнін нормалауы мақсатында орындалатын еңбекті және демалыс уақыттарын белгілеу — өте маңызды рөл атқарады. Мәселен,

тәжірибесі мол тергеушілер көп жұмыс жасағаннан емес, керісінше уақытты дұрыс бөлмегендіктен, яғни ол өзінің жұмыс күні мен демалысын дұрыс ұйымдастыра алмағандықтан шаршайды. Демалыс күндері және түнгі уақыттардағы жұмыстар (жедел-тергеу тобының құрамында кезекшілікке түсуді қоспағанда) тергеушінің күш-қуаты мен денсаулығын әлсіретеді. Бұдан басқа, тергеушінің іс жүргізуінде тек бір ғана емес әртүрлі қылмыс санаты бойынша бірнеше қылмыстық істер болады. Осыған байланысты тергеу жүргізу барысында тергеуші бір істен екінші істі тергеуге кезекпен ауысып отыруға мәжбүр болады және бұл кезде тергеудің бағыттары да өзгеріп отырады. Сондықтан тергеуші күнделікті қызмет барысында әрбір іс бойынша өзінің жүргізетін іс-әрекеттерін дұрыс жоспарлап, оларды орындау уақытын белгілеп отыруы қажет. Алайда кездейсоқ жағдайлар бұған кері әсерін тигізуі мүмкін. Мысалы, тергеуші өндірісіндегі қылмыстық іс бойынша өзі жоспарлаған іс-әрекеттерді орындауға кірісу барысында оған басқа жоспарланбаған қосымша талаптар мен тапсырмалар келіп түсуі мүмкін: прокуратура тарапынан іс бойынша келіп түсетін нұсқаулар мен істі зерделеу мақсатындағы шақыртулар, жедел-тергеу тобына жоспарланбаған кезекшілікке түсу, басқа қылмыстық ізге түсу органдарынан келіп түскен жеке тапсырмаларды шұғыл орындау, сараптама мекемелеріне қосымша құжаттар мен материалдар тапсыру қажеттілігі, қызметтік іссапарға шығу, басшылық құрамның тапсыруымен қарап-тексеру жүргізу үшін оқиға болған жерге шығу және т. б. Осы аталған мән-жайлар тергеушінің өзі жоспарлаған жұмыс күнінің күрт өзгеріске ұшырауына, жоспарланған тергеу әрекеттерінің дер кезінде орындалмай қалуына әкеп соқтырады, сонымен қатар бұл тергеушіні белгілі бір бағыттан басқа бағыттарға ауысып отыруына мәжбүр етіп, қылмыстық істердің толық, сапалы және заңды түрде тергелуіне теріс әсерін тигізеді. Сондықтан тергеуші өзінің жұмыс күнін бір қылмыстық істі тергеуге арнағаны дұрыс болар еді. Тергеу бөлімдері басшыларының әрбір тергеушінің функциялық міндеттерін нақты белгілеуі және қадағалауы оң нәтиже береді. Қазіргі уақытта тәжірибеде қолданылып жүрген әрбір тергеушінің тек белгілі бір санаттағы қылмыстық істерді тергеу бойынша мамандандырылуы өз жалғасын тауып отырғаны дұрыс. Алайда, жұмыс жүктемесін бөлу барысында бұл қағида үнемі сақтала бермейді. Мәселен, белгілі бір санаттағы қылмыстық істер саны көп болып, басқа санаттағы істер аз болуы, тіпті болмауы да мүмкін. Сондықтан да аталған санат бойынша мамандандырылмаған жедел-тергеу тобының (ЖТТ) тергеушісі оқиға болған жерді қарап-тексеру және басқа да кідірілмейтін тергеу әрекеттерін жүргізгеннен соң, қылмыстық істі ол өзінің профиліне жатпаса да өз іс жүргізуіне қабылдауға және тергеу жүргізуге мәжбүр болады. Сондай-ақ келесіде аталған қылмыстық іс осы санаттағы қылмыстарды тергеу бойынша мамандандырылған тергеушінің өндірісіне қабылданған жағдайдың өзінде де ол іс материалдарымен танысу, зерделеу, іс бойынша заттай дәлелдемелерді алу және қарап-тексеру, өзінің әріптесі толықтай анықтамаған мән-жайлар мен жіберілген кемшіліктерді анықтау мақсатында бұрынырақта жүргізілген тергеу әрекеттерін қайта жүргізу үшін аса ірі көлемде уақыт жоғалтады. Сондықтан ПО жедел кезекшісі жасалған қылмыстық құқық бұзушылық туралы хабарлама түсе салысымен оқиға болған жерге осы санаттағы қылмыстарды тергеу бойынша немесе ауыр, аса ауыр қылмыстарды тергеуге мамандандырылған тергеушіні жолдағаны жөн. Сонымен қатар, қазіргі уақытта тергеушінің кез келген қаулысының сипаттама-дәлелдеу бөлімі оқиғаның мән-жайын баяндаудан басталады. Бұл кезде уақытты үнемдеу мақсатында тергеушіге процессуалдық құжаттарда істің-мән-жайын қайталап жаза берместен, тек «оқиғаның мән-жайы мынадай құжатта (іс беті ____)» — деп көрсету құқығы берілгені жөн болар еді.

Келеңсіз жағдайлардың біріне келесіні жатқызуға болады, яғни тергеушілердің тәжірибелік жұмысында тергеу бөлімінің басшылары күн сайын, кейде таңертеңгі немесе кешкі уақытта қарамағындағы тергеушілердің, анықтаушылардың қатысуымен жұмыс бағыты бойынша талдаулық жиналыстар, кеңестер өткізіп отырады. Мұндай кеңестерге өз кезегінде көп уақыт шығындалады және жұмысқа келген тергеушінің бұрынырақта өзі жоспарлаған іс-шараларды орындауының тәртібін бұзады. Сондықтан тергеу бөлімдерінің басшылары жұмыс кеңестерін тиісті қызметтік міндеттерді орындауды нақты белгілеу арқылы аптаның бас кезінде өткізіп, апта соңында қорытындылағаны дұрыс.

Қазіргі уақытта күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын қолдануды санкциялау соттың құзіретінде. Осыған байланысты тағы бір мысал ретінде айта кететін мәселе, бұл

қылмыс жасаған тұлғаны Қазақстан Республикасы ҚПК 131-бабының тәртібімен күдікті ретінде ұстап алу сәтінен бастап тергеушінің уақытының шектелуі. Яғни, Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 147-бабы 2-бөлігіне сәйкес, тергеуші ұстап алу мерзімінің бітуіне 18 сағат қалғанға дейін қадағалаушы прокурорға күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын таңдау туралы сұрақты шешу үшін іс материалдарының көшірмелерін қылмыстық іспен қоса ұсынуы қажет. Бұл кезде тергеуші шектеулі мерзім ішінде күдікті тұлғаның кінәсін растайтын көптеген дәлелдемелер табуы, жинауы, бекітуі, күдіктінің іс-әрекетін дұрыс саралауы және басқа да тергеу әрекеттерін жүргізуі, бұдан басқа іс материалдарының көшірмелерін түсіруі және тізбе құруы тиіс. Осының барлығын орындау уақытының шектелуі тергеудің сапасына кері әсерін тигізіп, кемшіліктердің орын алуына және келесіде оларды жою қажеттілігіне әкеп соқтырады. Сондықтан тергеушінің уақытын үнемдеу мақсатында күдіктіге күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын санкциялау құзіреті прокурорға берілер болса, онда бұл тергеушінің қылмысты тергеу уақытының шамалы болса да ұзартылуына мүмкіндік берер еді.

Тергеу бөліністері жұмысындағы жұмыс жүктемесіне кадрлық жасақтау сұрақтары да тікелей әсер етеді. Мысалы, қызмет көрсетілетін аумақтағы тергеушілердің саны, олардың алға қойылған міндеттерді дер кезінде және сапалы орындау мәселелері, әрбір тергеушінің іс жүргізуіндегі қылмыстық істер саны мен олардың аяқталуы тұрғысындағы сұрақтарды жоғары тұрған тергеу бөліністерінің басшылары үнемі қарастырып, талдау жүргізіп, үйлестіріп және қажеттілігіне қарай шоғырландырып отырғаны дұрыс.

Жоғарыда келтірілгендердің тиісті түрде орындалуы, келтірілген мән-жайлар бойынша тиісті шешімдер мен қорытындылар өз кезегінде дұрыс жүзеге асырылған жағдайларда қылмыстарды ашу және сапалы тергеу жүргізу өзінің оң нәтижелерін берері сөзсіз.

¹ Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың 2014 жылғы 17 қаңтардағы Қазақстан жолы – 2050: «Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауы http://www.akorda.kz/ru/page/page_215750_poslanie-prezidenta-respubliki-kazakhstan-n-nazarbaeva-narodu-kazakhstan-17-yanvary-2014-g.

² Қазақстан Республикасы ПМ 2014 жылғы 24 қаңтарындағы № 1 КМ Алқа мәжілісінің шешімі.

³ Соя-Серко Л. А. Рационализация работы следователя (Вопросы научной организации труда). — М., 1976. С. 4-5.

РЕЗЮМЕ

В работе излагаются вопросы криминалистической характеристики преступлений, связанных с незаконным оборотом наркотических средств, рассматриваются проблемы использования данных криминалистической характеристики в расследовании указанных преступлений.

RESUME

This work presents the issues of criminalistic characteristics of the crime associated with illegal drug trafficking discusses the problems of using forensic data characteristics in the investigation of such offences.

ӨОЖ 343.985

Б. С. Телемісов, Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының криминалистика кафедрасының аға оқытушысы;

М. Б. Ысқақов, Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының ФЗИ қылмыстарды тергеу мәселелерін зерттеу орталығының аға ғылыми қызметкері

Жол-көлік қылмысы ФАКТИЛЕРІ БОЙЫНША МОЛЕКУЛЯРЛЫҚ-ГЕНЕТИКАЛЫҚ САРАПТАМА ТАҒАЙЫНДАУ БАРЫСЫНДАҒЫ КЕЙБІР КРИМИНАЛИСТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕР

Аннотация. Мақалада жол-көлік қылмыстары бойынша молекулярлық-генетикалық сараптама тағайындау кезінде қажетті ұсыныстар беріледі.

Түйін сөздер: жол-көлік қылмысы, қылмыстық-процестік заңнама, молекулярлық-генетикалық сараптама, сот сарапшысы.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылдың 24 тамызындағы № 858 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі мерзімге арналған құқықтық саясат Тұжырымдамасында мемлекетіміздің қылмыспен күресу саясатының тиімділігі — оңтайлы қылмыстық сот ісін жүргізу моделінсіз мүмкін болмайтындығы белгіленген¹.

2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізілген жаңа Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне сәйкес, көлік қылмыстары бойынша жауапкершілік арта түскен, әсіресе осындай қылмыстарды мас күйде жасағандығы үшін жауапкершілік деңгейі түбегейлі түрде өзгерді. Қылмыстық-процестік заңнамадағы өзгерістер жол-көлік оқиғалары қылмыстарын тергеудің тактикасы мен әдістемесін әрі қарай жетілдіре түсуді, заманауи ғылыми-тәжірибелік ұсыныстарды жасауды талап етеді.

Жол-көлік оқиғалары салдарынан келтірілетін көптеген адам өлімі факторлары кез келген мемлекет үшін ұлттық апат болып табылады. Қазақстандағы жол қозғалысы қатысушыларының өздерін дұрыс және тиісті түрде ұстауы өте төмен деңгейде қалуда, яғни жыл сайын мұндай жағдайлар кері зардаптарға — жол бойында көптеген адамдардың өлімінің орын алуына әкеп соқтырып отыр. Ауыр зардаптарға әкеп соқтыратын көлік апаттары қоғамда көпшіліктің назарын аударып, едәуір алаңдатушылық туғызып, құқық қорғау органдары мен билік өкілдерінің шұғыл әрекет етуін талап етуде. Статистикалық мәліметтерге сәйкес, 2014 жылы Қазақстанда 21373 жол-көлік оқиғасы тіркеліп, 2464 адам қаза тауып, 26122 жуық адамға әртүрлі дәрежедегі дене жарақаттары келтірілген².

Жол-көлік оқиғасы (келесіде — ЖКО) — көлік құралының жол бойында жүрісі процесінде және оның қатысуымен туындаған, адамдар қаза тапқан немесе жарақаттанған, көлік құралдары, ғимараттар, жүк бүлінген не өзге де материалдық залал келтірген оқиға. Адамдардың жол жүрісі немесе көлік құралдарын пайдалану қағидаларын абайсызда адамның денсаулығына ауырлығы орташа, ауыр зиян келтіруге; бір адамның, екі немесе одан көп адамның өліміне әкеп соққан бұзуы қолданыстағы заң бойынша белгілі бір қылмыстың құрамын құрайды (ҚР ҚК-нің 345-бабы).

Жол-көлік оқиғалары фактілері бойынша қылмыстарды тергеу — тергеу саласының қызметкерлерінен жоғары кәсібилікті талап етеді. Яғни криминалистика, сот медицинасы, юриспруденция, жол жүрісін ұйымдастыру саласында, сондай-ақ басқа да ғылым және техника саласындағы білімдер қажет. Алайда, тәжірибе көрсетіп отырғандай — анықтаушылар мен тергеушілер барлық уақытта осындай білімдерді меңгере бермейді, оқиға болған жерді қарап-тексерудің, тергеу эксперименті мен басқа да тергеу әрекеттерінің әдістемесін біле бермейді. Осы санаттағы қылмыстық істерді зерделеу барысында кейбір тергеушілердің ОБЖҚТ кезінде анықталған іздер мен басқа да объектілерді дұрыс бекіте алмайтындықтары, сараптама тағайындауға қажетті материалдарды жинақтау және дайындау кезінде қандай да бір қателіктерге жол беретіндіктері айқындалып отыр³.

ЖКО жөніндегі істер бойынша тағайындалатын сараптамалар — әрбір нақты жағдайда қылмыстық іс бойынша дәлелдеуге жататын мән-жайларды және алдын ала тергеу жүргізу барысында пайда болатын сұрақтарды шешу үшін қажетті арнайы көрсетулердің (жауаптардың) сипатын ескере отырып анықталады. Тұлғаға қарсы ауыр қылмыстарды тергеу барысы секілді соңғы уақытта жол-көлік қылмыстарын тергеуде молекулярлық-генетикалық сараптама тағайындау қажеттілігі жиі кездесуде. Негізінен алғанда, тұлғаларды генетикалық идентификациялаудың қажеттілігі — көлік құралдарының соқтығысуы және өртенуі нәтижесінде, зерттеу объектісі болып күйген немесе жанып кеткен тануға келмейтін мәйіт табылатын, танылмаған адам сүйектерін, көлік құралы салонынан табылған адам сүйектерінің қалдықтарын анықтау кезінде пайда болады.

Тергеу тәжірибесінен мысал келтіретін болсақ: 2010 жылдың 13 қазанында Қарағанды облысындағы «Алматы-Екатеринбург» автожолында ірі жол-көлік оқиғасы орын алған. Яғни, А. деген жүргізуші Шет ауданы Ақсу-Аюлы ауылынан Қарағанды қаласына қарай бағытта рейстік автобусты басқарып келе жатып, Шопа кентінің маңында басып озу маневрін жасай отырып, қарсы бағыттағы жолға шығып кетіп, қарсы келе жатқан К. деген жүргізушінің басқаруындағы «Камаз» маркалы автокөлікпен соқтығысқан. Осы ЖКО нәтижесінде автобустың жүргізушісі мен «Камаз» автокөлігінің жүргізушісі оқиға болған жерде қайтыс болған. Ішінде 18 жолаушысы болған өртенген автобустың салонынан, жүргізушімен бірге, жанып кеткен 10 жолаушының сүйек қалдықтары шығарылды, ал 8 жолаушы сыртқа шығып

үлгерген. Жолаушылардың барлығы Өзбекстан Республикасының азаматтары болып табылады және олар Ресей Федерациясына табыс табуға бара жатқан. Қатты жанып кету себебінен мәйіттерді тануға мүмкін болмады. Қайтыс болғандардың артынан іздеп келген туыстары жанып кеткен мәйіт сүйектерін тану мүмкін болмағандықтан, идентификация жүргізу арқылы өз туыстарының жеке басын анықтап беруді талап етіп, қарсы жағдайда мәйітті өз еліне алып кетуден бас тартатындықтарын айтты⁴.

Қылмыстық іс бойынша қайтыс болған тұлғаларға идентификация жүргізу үшін молекулярлық-генетикалық сараптама тағайындалды. Зерттеуге қайтыс болған тұлғалардың жақын туыстарының қан үлгілері мен мәйіттердің сүйек қалдықтары ұсынылды. Алайда, Астана қаласының сот сараптамасы сарапшысынан қосымша мағлұматтар, яғни тікелей (вертикалды) сала бойынша туыстық қатынасты анықтау мақсатында қайтыс болғандардың биологиялық ата-аналарының немесе балаларының құрғақ қан үлгілерін тапсыру туралы ұсынысы келіп түсті, себебі алдында зерттеуге ұсынылған мәйіттердің аға-інілері мен апақарындастарының қан үлгілері бойынша тікелей саламен қанға сәйкес туыстықты нақты анықтау мүмкін болмады. Сарапшының осы ұсынысы қанағаттандырылып, Өзбекстандық полиция қызметкерлері қажетті қан үлгілерін алып, оларды поезд жолсеріктері арқылы Қарағанды қаласына жолдады. Жүргізілген молекулярлық-генетикалық сараптама нәтижесі бойынша қайтыс болған тұлғалардың туыстары оқиға болған уақыттан тек үш ай өткеннен кейін ғана жерлеу үшін мәйіт қалдықтарын алып кеткен және осы жағдайлардың барлығы жәбірленушілер тарапынан негізделген шағымдардың келіп түсуіне әкеп соқтырған. Қазіргі уақытта молекулярлық-генетикалық сараптама тағайындауға дайындалу, оны тағайындау және жүргізу бойынша тактикалық ұсыныстардың жетіспеушілігі елеулі мәселе ретінде қалып отыр. Молекулярлық-генетикалық сараптама жүргізу және оның қорытындыларын қазіргі жағдайларда қолданудың белгілі бір қиындықтар тудыратыны ретінде осы сараптаманың Қазақстанда барлық жерде емес, тек үш қалада, яғни: Астана, Алматы және Қарағанды қалаларында ғана жүргізілетіндігін атап өтуге болады. Бұл өз кезегінде сот сараптамасының сарапшыларына үлкен жүктеме тудырып, зерттеу мерзімінің ұзақ уақытқа созылуына әкеп соқтырады.

Молекулярлық-генетикалық сараптама тағайындау кезінде сараптама тағайындау туралы қаулымен қоса келесілер де ұсынылуы тиіс: оқиға болған жерді қарап-тексеру хаттамасының көшірмесі; мәйітті сот-медициналық зерттеуден өткізу немесе тірі адамды куәландыру қорытындысының көшірмесі; сот-медициналық биологиялық зерттеу қорытындысының көшірмесі; биологиялық материалдардың үлгілерін алу хаттамаларының көшірмелері. Шығу тегі биологиялық іздермен жұмыс жасау тиісті ережелерді сақтауды талап етеді. Яғни шығу тегі биологиялық заттай дәлелдемелерді алуды стерилденген қысқыштар мен скальпельдерді қолдану арқылы стерильдік резеңке қолғаптардың көмегімен жүргізген жөн. Әрбір объектіні алу үшін жеке аспаптарды қолданады. Алынған объектілерді күн сәулесінің тікелей түсуінен сақтау арқылы бөлме температурасында кептіру қажет. Таза қағаз пакетке салынған шығу тегі биологиялық заттай дәлелдеме мөрленіп, буып-түйіліп, буманың бетіне түсіндірмелік жазба, яғни: заттай дәлелдеменің атауы, оны алудың датасы мен орыны жазып көрсетіледі. Осы мәліметтер тергеушінің, маманның қолдарымен, қажет болған жағдайларда фото-бейне техникалық құралдармен бекітіледі⁵. Салыстырмалы зерттеу жүргізу үшін биологиялық материал үлгілері ретінде күдікті тұлғаның немесе жәбірленушінің ДНК бар кез келген биологиялық мата бола алады. Көбінесе осы мақсатта қан үлгілері қолданылады. Қан үлгілерін саусақтан немесе шынтактағы венадан 5 мл. кем емес мөлшерде арнайы пробиркаға алады. Аталмыш пробирка ішіндегі қанмен бірге зерттеу жүргізу үшін лабораторияға алған уақыттан бастап бес тәуліктен кешіктірілмей жеткізілуі тиіс. Салыстырмалы зерттеу жүргізу үшін сұйық қан үлгісін алу мүмкін болмаған жағдайда дәкеден жасалған анжыда (тампонда) кептірілген қан ұсынылады. Биологиялық іздер бар заттарды іздердің өзара алмасуын болдырмау мақсатында жеке-жеке бумаларға буып-түйеді⁶. Осы аталған ұсыныстарды орындамау — биологиялық іздерді алу, буып-түю және тасымалдау барысында олардың локализациясын бұзуы және бұл өз кезегінде сараптама нәтижелерінің шынайылығына күмән туғызуы мүмкін.

Көп жағдайларда, ЖКО фактілері жөніндегі қылмыстық істер, қылмыстың құрамы толық және айқын бола тұра, тергеу жүргізу барысында жіберілген және орны қайта толтырылмас кемшіліктер мен қателіктердің салдарынан өзінің негізделген және заңды шешімін таба

бермейді. Сондықтан да тәжірибелік кеңестер, ұсыныстар мен кейбір жекелеген тергеу әрекеттерін жүргізудің тактикалық ерекшеліктері тәжірибелік қызметкерлерге істің мән-жайын жан-жақты, толық және объективті зерттеу тұрғысындағы заң талаптарын жүзеге асыру бойынша тиісті көмек көрсете алады.

- ¹ Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылдың 24 тамызындағы № 858 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі мерзімге арналған құқықтық саясат Тұжырымдамасы // www.zakon.kz.
- ² 01.04.2015 ж. шаққандағы БП құқықтық статистика және арнайы есеп Комитетінің баспасөз қызметі. <http://service.pravstat.kz/portal>.
- ³ Домке Э. Р. Расследование и экспертиза дорожно-транспортных происшествий. — Пенза, 2005. — С. 27.
- ⁴ № 10351003100114 қылмыстық іс, 2010. // Қарағанды облысының прокуратурасы жанындағы ҚСЖАО мұрағаты.
- ⁵ Гунарев С. А. Тактические и правовые основы использования судебно-генетической экспертизы при расследовании и судебном рассмотрении дел об убийствах и изнасилованиях: Автореф. дис. ... канд. юрид. наук. — СПб., 2001. — С. 37.
- ⁶ Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Сот сараптамасы орталығында сот сараптамалары мен арнайы зерттеулер жүргізу жөніндегі Нұсқаулық (т 24.10.2002 № 158). — Алматы, 2003.

РЕЗЮМЕ

В статье даны предложения по назначению молекулярно-генетической экспертизы по дорожно-транспортным преступлениям.

RESUME

In the real article suggestions are given at setting of molecular-genetic examination on road and transportation crimes.

УДК 343.2/7

Тессман С. А., начальник центра по проблемам исследования и мониторинга законодательства, регламентирующего деятельность ОВД, НИИ Карагандинской академии МВД РК им. Б. Бейсенова, кандидат юридических наук, доцент

К ВОПРОСУ О НЕКОТОРЫХ НОВЕЛЛАХ УК РК 2014 г.

Аннотация. В работе акцентируется внимание на некоторых новеллах нового уголовного законодательства 2014 г. По отдельным позициям проводится сопоставительный анализ редакции УК РК 1997 г. и 2014 г., высказывается авторская позиция.

Ключевые слова: Уголовный кодекс, уголовное законодательство, уголовная политика, уголовное правонарушение, уголовный проступок.

С утверждением Концепции правовой политики Республики Казахстан на период с 2010 до 2020 г. началась масштабная работа по дальнейшему совершенствованию уголовного законодательства и практики его применения. С учетом двухвекторного курса уголовной политики в отношении отдельных преступлений прослеживалась гуманизация уголовного законодательства, в части других, напротив, ужесточение мер уголовно-правового воздействия. В свою очередь, все это потребовало не просто внесения изменений и дополнений в действующее уголовное законодательство, а коренного пересмотра положений уголовного закона путем принятия нового УК РК, необходимость которого возникла уже давно.

С января 2015 г. Республика Казахстан живет по новому Уголовному кодексу. Он подписан 3 июля 2014 г. и включает в себя 467 статей (в УК 1997 г. — 434). Общая часть состоит из 7 разделов (98 статей), Особенная — из 18 глав (368 статей).

Что касается положений Общей части, то одна из главных новелл — это введение понятия «уголовные правонарушения», которые в зависимости от степени общественной опасности и наказуемости подразделяются на преступления и уголовные проступки. Преступлением в соответствии с ч. 2 ст. 10 нового УК РК признается совершенное виновно деяние (действие или бездействие), запрещенное настоящим Кодексом под угрозой наказания в виде штрафа, исправительных работ, ограничения свободы или смертной казни.

Согласно ч. 3 ст. 10 УК РК, уголовным проступком признается совершенное виновно деяние (действие либо бездействие), не представляющее большой общественной опасности, причинившее незначительный вред либо создавшее угрозу причинения вреда личности, организации, обществу или государству, за совершение которого предусмотрено наказание в виде штрафа, исправительных работ, привлечения к общественным работам, ареста.

Всего в новом УК РК содержится 156 уголовных проступков, в том числе 47 из категории бывших административных правонарушений, 103 преступления небольшой тяжести, не предусматривавших в качестве меры наказания лишение свободы, а также 7 новых деяний, которые ранее не были предусмотрены ни в УК, ни в КОАП. В основном это медицинские и кибер-проступки.

Необходимо отметить, что в юридической литературе проблема уголовного проступка обсуждалась более тридцати лет, однако вопрос о том, следует ли выделять в законе соответствующую категорию деяний, до сих пор не был решен, и только в новом УК РК данная проблема была разрешена на законодательном уровне, что приобретает особое значение и важность.

Пересмотреть положения уголовного законодательства в этой части было необходимо, в первую очередь, для достижения целей уголовного наказания, повышения его роли как средства противодействия преступным проявлениям, не представляющим большой степени общественной опасности. Выделение рассматриваемой категории правонарушений позволит, на наш взгляд, высвободить дополнительные силы для борьбы с наиболее опасными посягательствами за счет установления упрощенного процесса (протокольной формы) по делам об уголовных проступках, поскольку большая служебная загруженность сотрудников правоохранительных органов является одним из главных факторов, вызывающих ошибки в правоприменительной деятельности.

Совершение проступков в соответствии с ч. 2 ст. 79 нового УК РК не будет влечь за собой такое уголовно-правовое последствие, как судимость. Максимальная мера наказания за уголовный проступок определена в виде ареста сроком до 90 суток, однако в таком размере он предусмотрен только по 41 составу правонарушений из 156.

Главное отличие между преступлением и уголовным проступком — тяжесть и общественная опасность совершенного деяния.

В нормах нового УК РК полностью исключен институт административной преюдиции, так как он несовместим с категорией уголовного проступка и в целом является неактуальным для современной модели отечественного уголовного права.

Концептуальные изменения претерпел институт соучастия в преступлении. Так, в целях унификации положений Кодекса все сложные формы организованной преступности обозначаются одним термином «преступная группа», под которым понимается организованная группа, преступная организация, преступное сообщество, транснациональная организованная группа, транснациональная преступная организация, транснациональное преступное сообщество, террористическая группа, экстремистская группа, банда, незаконное военизированное формирование (ст. 3 УК РК).

Расширен перечень преступлений, за совершение которых уголовная ответственность наступает с 14 лет. В основном это преступления, связанные с различными проявлениями экстремизма и посягательством на жизнь Первого Президента Республики Казахстан – Лидера Нации.

Реакция государства последовала и на участвовавшие случаи совершения преступлений против несовершеннолетних со стороны педагогических работников и лиц, работа которых связана с несовершеннолетними. Так, установлен пожизненный запрет на работу с детьми лицам, осужденным за сексуальные преступления против несовершеннолетних. Также следует отметить, что за совершение коррупционных преступлений лишение права занимать определенную должность или заниматься определенной деятельностью назначается обязательно и состоит в пожизненном запрете занимать должности на государственной службе, судьи, в органах местного самоуправления и ряд других должностей (ч. 2 ст. 50 нового УК РК).

В части, касающейся видов наказаний, законодатель изменил их традиционную классификацию. Так, если в УК РК 1997 г. все наказания делились на основные, дополнительные и те, которые могут быть применены как в качестве основных, так и дополнительных, то согласно положениям УК 2014 г. к лицу, признанному виновным в совершении уголовно наказуемого

деяния, могут применяться либо основные наказания, либо, наряду с основным, дополнительные наказания. Таким образом, исключена категория наказаний, которые могут быть применены в качестве как основных, так и дополнительных, что, на наш взгляд, положительно отразится на процессе правоприменения и послужит снижению уровня судейского усмотрения.

Примечательно, что отдельные виды наказаний, ранее исключенные из УК РК 1997 г., в новом УК РК вновь нашли отражение. Таковым видом наказания, в частности, является арест, который состоит в содержании осужденного в условиях строгой изоляции от общества на весь срок назначенного наказания.

Определенные изменения претерпели уголовно-правовые нормы, связанные с вопросами освобождения от уголовной ответственности и наказания. Так, в УК РК 2014 г. законодатель впервые в качестве самостоятельных оснований освобождения от уголовной ответственности предусмотрел освобождение от уголовной ответственности при выполнении условий процессуального соглашения (ст. 67) и освобождение от уголовной ответственности с установлением поручительства (ст. 69).

Можно констатировать, что с развитием юридической науки и совершенствованием системы казахстанского уголовного законодательства в связи с изменяющимися условиями политической и правовой жизни страны назрела практическая необходимость расширить основания освобождения лица от уголовной ответственности и наказания, сохранив базовые, оправданные временем и практикой уголовно-правовые институты. Возможное наличие законодательных погрешностей в уголовно-правовых нормах покажет практика их применения. Вместе с тем, на наш взгляд, их введение является вполне обоснованным и целесообразным.

Говоря об отдельных аспектах совершенствования уголовного законодательства в вопросах, касающихся норм Особенной части, следует указать на то, что в УК РК 2014 г. впервые введены две новые главы: гл. 7. «Уголовные правонарушения в сфере информации и связи» и гл. 12. «Медицинские уголовные правонарушения», разработанная во исполнение поручения Главы государства о защите материнства и детства в Республике Казахстан. В данную главу вошел ряд преступлений, которые согласно положениям УК РК 1997 г. были предусмотрены в гл. 1 «Преступления против личности».

В целом, анализ норм Особенной части свидетельствует о том, что наказания за одни преступления в новом УК стали мягче, другие нормы, напротив, – более суровыми. Это касается экстремизма, терроризма, организованной преступности. По ним введен запрет на условно-досрочное освобождение, замену наказания на более мягкое, на применение амнистии, соответственно, увеличены сроки лишения свободы за их совершение. На указанную категорию преступлений не будут распространяться сроки давности привлечения к уголовной ответственности и наказанию. В рамках усиления борьбы с террористическими и экстремистскими преступлениями в новый УК РК в качестве самостоятельного состава преступления введена уголовная ответственность за прохождение террористической или экстремистской подготовки.

Нельзя не отметить, что законодатель расширил перечень отягчающих обстоятельств при совершении особо тяжких преступлений против личности. К примеру, квалифицирующим признаком убийства, согласно ч. 2 ст. 99 УК РК, является совершение убийства в условиях чрезвычайной ситуации или в ходе массовых беспорядков.

Ужесточена ответственность за умышленное причинение тяжкого вреда здоровью, изнасилование, вовлечение несовершеннолетнего в преступную деятельность, в совершение антиобщественных действий, в занятие проституцией, а также за торговлю несовершеннолетними. Наряду с этим, законодатель вновь причислил к категории уголовно наказуемых деяний причинение легкого вреда здоровью и побои, причинение средней тяжести вреда здоровью по неосторожности, которые в УК РК 1997 г. были декриминализованы.

Нельзя не акцентировать внимание на том, что в УК 2014 г. впервые предусмотрена ответственность за клонирование человека, хотя Казахстан является не первым государством, где клонирование человека влечет уголовную ответственность. Напомним, что Генеральная Ассамблея ООН 8 марта 2005 г. приняла Декларацию о клонировании человека, призвав страны запретить все формы клонирования людей «в такой мере, в какой они совместимы с человеческим достоинством и защитой человеческой жизни». Казахстан тогда поддержал эту декларацию. Следует отметить, что технологиями репродуктивного клонирования страна не об-

ладала ни тогда, ни сейчас. В Казахстане подобные случаи не зафиксированы, но если желающие совершить такое деяние появятся, их могут лишить свободы сроком до трех лет, а при наличии особо квалифицирующих обстоятельств – до десяти лет.

В целях обеспечения безопасности сооружений для жизни и здоровья человека на всех этапах архитектурной, градостроительной и строительной деятельности в УК 2014 г. предусмотрена уголовная ответственность за нарушения правил безопасности в этой сфере.

С учетом постоянного роста числа дорожно-транспортных преступлений и возросшего общественного резонанса, связанного с совершением ДТП, особенно в состоянии алкогольного опьянения, в УК 2014 г. введена статья, предусматривающая уголовную ответственность за управление транспортным средством лицом, лишенным права управления транспортными средствами, находящимся в состоянии алкогольного, наркотического и (или) токсикоманического опьянения, а равно передача управления транспортным средством такому лицу или допуск к управлению транспортным средством такого лица. Указанная норма состоит из пяти частей и является правонарушением, совершенным с двумя формами вины, т. е. к совершенному деянию виновное лицо относится с умышленной формой вины, а по отношению к наступившим последствиям (причинению средней тяжести вреда здоровью, тяжкого вреда здоровью человека, смерти и т. д.) усматривается неосторожная форма вины (ст. 346 нового УК РК).

Часть 1 ст. 346 УК РК законодатель определил как уголовный проступок, максимальная мера наказания за который предусмотрена в виде ареста сроком до девяноста суток, с лишением права занимать определенные должности или заниматься определенной деятельностью сроком на три года. Если деяние повлекло по неосторожности смерть двух или более лиц, наказание предусмотрено в виде лишения свободы на срок от семи до десяти лет с лишением права занимать определенные должности или заниматься определенной деятельностью сроком на десять лет. Кроме того, глава, предусматривающая ответственность за транспортные уголовные правонарушения, включает и такой состав преступления, как допуск к управлению транспортным средством водителя, не имеющего права управления транспортными средствами. Данное деяние будет являться уголовно наказуемым в случае, если повлекло причинение средней тяжести вреда здоровью, тяжкого вреда здоровью, смерти, смерти двух и более лиц.

В целях ужесточения борьбы с уголовными правонарушениями против здоровья населения и нравственности законодатель впервые предусмотрел уголовную ответственность за немедицинское потребление наркотических средств, психотропных веществ, их аналогов, прекурсоров в общественных местах. Деяние также определено как уголовный проступок, максимальная мера наказания за совершение которого — арест на срок до сорока пяти суток.

Необходимо отметить, что в целях реализации Концепции правовой политики в УК РК 2014 г. расширена сфера применения наказаний, не связанных с лишением свободы, в том числе путем установления штрафов по всем преступлениям небольшой и средней тяжести, не связанным с причинением смерти человеку, с одновременным пересмотром санкций на предмет соразмерности наказаний общественной опасности деяний и их соответствия принципу справедливости.

Подводя итог вышеизложенному, хотелось бы отметить, что, безусловно, резерв для дальнейшего совершенствования уголовного законодательства не исчерпан, несмотря на то, что многие проблемные вопросы в новом УК РК нашли свое разрешение. Заслуживая в целом положительную оценку, УК РК 2014 г. как документ, имеющий политическое значение, не поставил точку в разрешении всех проблем и сохранил почву для дальнейших дискуссий среди как научных работников, теоретиков, так и практических сотрудников.

ТҮЙІН

Жұмыста 2014 жылғы жаңа қылмыстық заңнаманың кейбір жаңалықтарына назар аударылды. Жеке ұстанымдар бойынша ҚР ҚК-нің 1997 жылға және 2014 жылға редакцияларына салыстырмалы талдау жүргізіледі. Автордың көзқарасы білдіріледі.

RESUME

Attention is in process accented on some short stories of new criminal statute 2014. On separate positions the comparable analysis of release of УК РК is conducted 1997 and 2014, authorial position speaks out.

М. Е. Уалиев, Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының жалпы білім беретін пәндер кафедрасының аға оқытушысы

Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Қазақстан милициясы

Аннотация. Мақалада Ұлы Отан соғысы жылдарында Қазақстан милициясының рөлі және ішкі істер органдары қызметкерлерінің ерен еңбектері жөнінде қарастырылады.

Түйін сөздер: директива, ІІХК, КСРО, контрабанда, мобилизация, КПОК (б), мародер, диверсант.

Соғыс уақытындағы қазақстандық милиция болашақ ұрпақ үшін маңызды орын иеленді. Бейбіт болашақ үшін күрес жүргізген, өздерінің өмірін қатерге тіккен, болашақтың жарқын өмірі үшін тылда жұмыс істеген тұлғаларды мәңгілікке есте сақтау қажет. Ұлы Отан соғысында кеңес халқының жеңісі үшін қазақстандық милиция да зор үлес қосты.

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаев: «Полиция қызметкерлері — адамның құқығы мен бостандығын қорғай отырып, қылмыспен күресте алдыңғы қатарда тұратын адамдар» болғандықтан бұл мәселелер барлық мемлекеттің құқық қорғау жүйесіне, оның ішінде ішкі істер органдарына да тікелей қатысты. Мемлекетіміздің осы уақытта болашаққа батыл қадам жасау себебінің бірі — оның уақыт сынағымен тексерілген құқық қорғау жүйесі органдарының адал қызметіне деген сенімділігі.

Биыл Ұлы Жеңіске — 70 жыл. Ұлы Отан соғысы жылдарында Кеңес Одағының құқық қорғау органдарын қаншама сынасақ та, олардың атқарған қызметтері орасан зор екенін ұмытпауымыз қажет.

Кеңес үкіметі қазақстандық милиция қызметкерлерінің еңбектерін жоғары бағалады. Берген антын адал атқарғаны үшін, фашизммен күрес барысында өз Отанына адал болғаны үшін мыңдаған милиция қызметкерлері медальдармен марапатталды.

1941 жылдың 22 маусымында жаулау әрекеттерін жасамау туралы шартты бұза отырып, фашисттік Германия КСРО аумағына бас салды. Бұл соғыс ПО үшін күрделі сынақ болды. Қылмыстық жағдайдың нашарлауы, халық санының КСРО-ның батыс аймағынан қоныс аударылған, территорияға жауланған және майдан маңы аймақтардан қашып келген қылмыскерлердің өтуі, қараусыз және бақылаусыз қалған кәмелетке толмағандар санының өсуі, тәжірибелі милиция қызметкерлерінің көп бөлігінің майданға жіберілуі — ішкі істер органдарының барлық қорларын мобилизациялауын қажет етті.

Халықтың күшін біріктіру және мобильдендіру үшін 1941 жылы Мемлекеттік Қорғаныс комитеті құрылды. Оның міндеттерінің бірі ішкі істер органдарының және өзге де құқық қорғау органдарының қызметін қадағалау болды. 1941 жылдың 20 шілдесінде КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумның КСРО-ның мемлекеттік қауіпсіздігін ұлттық комиссариатқа қосу және КСРО Ішкі Істер Халық Комиссариатын біріктендіру туралы Жарғысы қабылданды. Бұл елдегі мемлекеттік және қоғамдық қауіпсіздікті нығайтуға негіз болды.

КСРО ІІХК милиция Бас басқармасы милиция құрылымдарымен қоғамдық тәртіпті ретке келтіретін ұйымдық шаралар жүргізді. Соғыс уақытында милиция қызметкерлері демалысқа шыға алмайтын. Олар үйлерді, поездарды, тұрғындардың құжаттарын тексеру барысында шпиондарды ұстайтын. 1941 жылдың 30 қыркүйектегі КСРО ІІХК Жарлығы бойынша, КСРО ІІХК құрамында бандитизммен күрес жүргізу бөлімі, ал 1942 жылдың наурыз айында ІІХК облыстық басқармаларда сәйкес келетін бөлімшелер мен топтар құрылды. ҚазКСР ІІХК-мен Шығыс Қазақстан және Семей облыстарының ІІХКБ-ның милиция басқармаларында контрабандамен күрес жүргізу топтары ұйымдастырылды. Милиция міндеттері ерекше түрде кеңейе түсті. Оларға мародерлармен, жалған ақпарат таратушылармен күрес жүргізу; қалаларды қылмыстық элементтерден тазарту; ІІХК транспорт мәселесіне байланысты көмек көрсету; бұйрықтардың орындалуын қамтамасыз ету және т.б. міндеттер жүктелді. Теміржол және су жолымен өту үшін рұқсат қағаздар беру, қоныс аударылғандарды есепке алу, оларға туған-туыстарын іздестіруге көмек көрсету үшін КСРО ІІХК милиция Бас басқармасының төлқұжат аппараты бөлімі құрамында Орталық анықтамалық бюро ұйымдастырылды¹.

1941 жылғы 7 шілдеде шыққан директиваға сәйкес милиция қызметкерлері кез келген қақтығысқа дайын болуы тиіс, сонымен қоса олар Қызыл Армиямен бірге жұмыс істеп,

әскери тактикалармен байланыста болуы керек. Әскери аумақ деп жарияланған жерлерде милиция қызметкерлері ең басты маңызды объектілерді қолға алды, күзететін және майдан маңындағы аудандарда казармалы түрге ауысып, қарсылас агенттермен күресу үшін жедел топтар құрды².

Ұлы Отан соғысы жылдарында қылмыстық іздестіру бөлімі қылмыстарды тергеумен, ұрлықтарды, шпиондарды анықтаумен айналысып, мемлекеттік қауіпсіздік органдарына өз көмегін тигізді. Күрес жүргізу аппараттары әскерлерге, жергілікті тұрғындарға қажетті азық-түліктерді орнына жеткізілуіне, әлеуметтік меншіктердің ұрланбауына ерекше назар аударды.

Мысалы, З. А. Агибаев 1943 жылдары Гурьев облысында бандиттік топтарды жою барысындағы сәтті операция үшін, ал С. И. Исаков 1943 жылы мемлекеттік қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіптегі ерлігі үшін және 1944 жылы Солтүстік Қазақстан облысында 5 бандиттік топты құрықтағаны үшін «Даңқ» орденімен марапатталды.

Қылмыстық іздестіру бөлімі қылмыстарды тергеумен, ұрлықтарды, шпиондарды анықтаумен айналысып, мемлекеттік қауіпсіздік органдарына өз көмегін тигізді. Күрес жүргізу аппараттары әскерлерге, жергілікті тұрғындарға керек азық-түліктердің орнына жеткізуге, әлеуметтік меншіктердің ұрлануына ерекше назар аударды. Мемлекеттік автокөлік инспекциясы өзінің шамасы жеткенше Қызыл Армияға керекті транспорттармен, тракторлармен, мотоциклдермен қамтамасыз етті, әскерге жіберілетін автокөліктердің техникалық жағдайын қарап, бақылады.

1941 жылғы 17 қыркүйектегі МҚК-нің «КСРО азаматтарын міндетті әскери оқуға үйрету туралы» Қаулысының негізінде милиция бөлімшелерімен сабақ жүргізілді. Оларды қақтығыс кезінде қаруды, винтовканы, пулеметті қолдануға, өз-өзін қорғауға үйретті.

1943 жылдың басында республикалық ПХК өз құрамында 14 облыстық милиция басқармаларын, 3 қалалық және 2 аудандық бөлім, 192 аудандық және Алматы қалалық бөлімшесі болды. 1944 жылы жаңадан Талдықорған және Көкшетау облыстық милиция басқармасы мен 7 аудандық және ауылдық милиция бөлімшелер қатары құрылды. Бұл кезеңде Қазақстан милиция басқармасының негізгі бөлімшелері — саясат бөлімі, қылмыстық іздестіру бөлімі, ұрлық және спекуляциямен күрес жүргізу бөлімі, төлқұжат және мемлекеттік автокөлік инспекция бөлімдері болып табылды.

Архив деректері бойынша, милицияның кадрларды іріктеу кезінде үлкен көңіл көпұлтты Қазақстанда аса маңызға ие болған ұлттар арасындағы теңдікті сақтау принципіне бөлінді. 1944 жылдың басында республиканың милиция органдарында 26 ұлт өкілдері қызмет атқарды, оның ішінде 44,5 % — орыстар, 34,5 % — қазақтар. Тұрғындардың көп бөлігін қазақтар құрған аймақтарды Ішкі істер органдарының жергілікті ұлт өкілдерімен толықтыру шаралары жүргізілді. 1943 жылдың 3 наурыздағы ҚазКСР ПХК өтініші бойынша Қазақстан КПОК(б) 150 коммунист пен комсомол қазақтарды ПХК органдар жұмысына арнап мобилизациялау туралы шешім қабылдады.

Ұлы Отан соғысы уақытында Ішкі істер органдары қызметкерлерінің кәсіби біліктілігін арттыру мақсатында көптеген курстар, семинарлар жүргізіліп отырды. Мысалға, ПХК милициясы оқу мектебі — оқу мерзімі 9 ай, облыс аралық Алматы милиция мектебі — оқу мерзімі 3 ай.

ПО-ын толықтыру көзі қызметін жедел чекісттік резерв, ПХК және Қызыл Армия әскерінен денсаулық жағдайына байланысты демобилизацияланған тұлғалар, ПХК және милиция мектептері мен курстарының түлектері, зейнеткерлер мен үй шаруасындағы әйелдер атқарды. Көптеген білікті жұмыскерлерді майданға мобилизациялау, үлесі көп жаңа қызметкерлердің кәсіптік пен жалпы білім дәрежесінің төмен болуы, жұмыс істеу жағдайының күрделене түсуі қылмыс санының көбеюі, кадрлардың тұрақтамауы — барлығы милиция қызметкерлерінің жалпы және кәсіптік дайындық деңгейін көтеру, оның құрылысы мен әдістемелерін жетілдіру, оларды соғыс уақытына сай сәйкестендіруді талап етті.

Кеңес Одағы өзге аудандарынан қашқан немесе жер аударылған қылмыстық элементтерінің республика территориясында шоғырлануымен, қоныс аударылған тұлғалардың жаппай ағылып көшуі, кәмелеттік жасқа толмағандарды бақылау мен қадағалаудың аздығы, фашисттік блок мемлекеттерінің КСРО-ның түпкі тылына жіберген және эвакуацияланған ағымдар арқылы шоғырланған шпиондары мен диверсанттардың бүлінушілік жасау әрекеттеріне байланысты Қазақстанда қылмыс саны өсті, бұл өз кезегінде қатардағы азаматтардың материалдық жағдайының нашарлауына септігін тигізді. Соғыс

жылдары Қазақстанда мал басы саны азайып, оның жаппай қырылуы екі есе артты: «...Қазақстан тұрғындары аштық шегінде өмір сүре тұра, соңғы нан түйірін жеңіске беріп отырды»³. Азық жетіспеушілігі өз алдына, пайдакүнемдік және зорлық бағытындағы қылмыс көлемінің артуына алып келді. 1943 жылдың 2 желтоқсандағы ҚазКСР КПОК(б) мен ХКК республикалық милиция басқармасына нан карточкасы мен астықты ұрлауға қарсы күресті күшейту міндетін жүктеген «Нанды үнемдеу және шығындау туралы» Қаулы қабылдады.

